

Сауда-саттыққа (аукциондарға) қатысуға байланысты шығыстардың және мемлекеттік сатып алу нысаны болып табылмайтын сауда-саттықта (аукциондарда) сатылатын, сатып алынатын мүліктің (активтердің) тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 наурыздағы N 274 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы № 1177 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.09 № 1177 Қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған сауда-саттыққа (аукциондарға) қатысуға байланысты шығыстардың және мемлекеттік сатып алу нысаны болып табылмайтын сауда-саттықта (аукциондарда) сатылатын, сатып алынатын мүліктің (активтердің) тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 29 наурыздағы

N 274 қаулысымен

бекітілген

Сауда-саттыққа (аукциондарға) қатысуға байланысты шығыстардың және мемлекеттік сатып алу нысаны болып табылмайтын сауда-саттықта (аукциондарда) сатылатын, сатып алынатын мүліктің (активтердің) тізбесі

1. Сауда-саттыққа (аукциондарға) қатысуға байланысты шығыстар:
 - 1) сауда-саттыққа (аукциондарға) қатысу үшін қажетті құжаттарды сатып алу жөніндегі ;

2) сауда-саттыққа (аукциондарға) қатысу үшін енгізілетін кепілді жарна.

2. Сауда-саттықта (аукциондарда) сатылатын, сатып алынатын мүлік (а к т и в т е р) :

1) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықта сатып алынатын электр энергиясы;

2) салық төлеушілердің салық берешегі есебіне иелік ету шектелген мүлкі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК